«8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жалғасбаева Канагат Баймуратовнаның «Түркі халықтар айтысының трансформациялануы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Ақындар айтысы – көне заманнан бүгінге дейін қазақ халқында ғана емес, түгел түркі халқында құндылығын жоғалтпай келе жатқан ауыз әдебиетінің түрі. Айтыс дәстүрі 2009 жылы «Ашықлық геленек» деген атпен Әзербайжан мен Түркия елдері атынан ЮНЕСКО-ның «Материалдық емес мәдени мұралар» тізіміне енсе, 2015 жылы «Айтыс/айтыш» деген атаумен Қазақстан мен Қырғызстанның атынан тіркелді. Демек, түркі халықтарының айтысы XXI ғасырда адамзатқа ортақ мәдени мұра ретінде зерттелуі маңызды болып отыр. Сондай-ақ бүгінгі түркі әлемінің интеграциясы тұрғысынан алғанда да аталған тақырыптың маңыздылығы көрініп отыр. 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған. 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған. 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» басым бағытына сәйкес келеді.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның **маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы қазіргі таңдағы фольклортану ғылымына елеулі үлесін қосады және оның маңыздылығы ашылған. Атап айтқанда, түркі әлеміне ортақ мәдени мұра айтыс өнерінің трансформациялануын жаңаша көзқараста зерделенген және соңғы уақытта әлемдік фольклортану ғылымында кеңінен

			талқыланып жатқан «интернет фольклор», «е-фольклор» ұғымы теориялық тұрғыда ұсынылып, олардың ерекшелігі талданған. Зерттеу жұмысы нәтижелерінің ғылым үшін маңыздылығы бар.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторанттың диссертациялық жұмысты жазуда өзі жазу принципін ұстанған. Зерттеу жұмысында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жасалынып, анықталған проблеманы шешудің жолдары ұсынылған. Орындалған жұмыс дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	4.1. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі түркі халықтары айтысының трансформациялануын XXI ғасырда адамзатқа ортақ мәдени мұра ретінде және бүгінгі түркі әлемінің интеграциясы тұрғысынан қарастырылып, ғылыми тұрғыда негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	4.2. Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны анықтамалардан, кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертация мазмұны зерттеудің ғылыми болжамы мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	4.3. Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыс тақырыбымен сәйкес келеді. Қойылған міндеттер зерттеу мақсатына сәйкес, түркі халықтары айтысының түрлері мен оның трансформациялануын, интернет фольклорындағы айтыс жанрының өзіндік ерекшелігін анықтауға бағытталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;**	4.4. Диссертациялық жұмыс 2 негізгі бөлімнен тұрады. Олар: «Айтыс жанрының жиналуы, жариялануы және даму тарихы» және «Айтыстың заманауи трансформациялануы». Аталған бөлімдер өзара логикалық тұрғыда байланысқан толық

		2) ішінара байланысқан;	аяқталған жұмысты көрсетеді.
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	4.5. Диссертациялық жұмыста сыни талдау бар. Диссертациялық зерттеу нәтижелері ретінде ұсынылған түркі халықтары айтыс өнерінің трансформациялану үдерісі және интернет-фольклордың ерекшеліктері сынды тың қағидаттар осы саладағы зерттеулердің нәтижелерімен салыстырылған, өзгешеліктері сыни тұрғыда қарастырылған.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа болып табылады. Бірінші нәтиженің жаңалығы – айтыс өнерінің түркі тілдес елдер арасындағы ортақ мұра ретінде жинақталуы, жариялануы және дамуының қыр-сырлары ашылып, жанрдың поэтикалық, әлеуметтік және мәдени рөлі әдіснамалық тұрғыда дәлелденген; Екінші нәтиженің жаңалығы – түркі халықтарының, атап айтқанда қырғыз, қарақалпақ, түрік, башқұрт, әзербайжан және өзбек халықтарының айтыс дәстүрімен қазақ айтысын салыстыра отырып, мәдениеттер арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді салыстырмалы түрде зерделенген; Үшінші нәтиженің жаңалығы – жаңа заман талабына сай айтыстың интернет-фольклордағы ерекшеліктері қарастырылып, оның дәстүрлі айтыс пен жазба айтыс түрлерімен салыстырыла талданған; Төртінші нәтиженің жаңалығы – интернет айтыс құбылысы құбылысы жан-жақты қарастырылып, оның танымдық және тағылымдық рөлі анықталып, нәтижесінде цифрлық дәуірдегі айтыстың рөлі мен таралуындағы жаңа бағыттары ғылымы тұжырымдалады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			Бесінші нәтиженің жаңалығы – айтыстың өзгеріске ұшырау деңгейін жүйелі түрде зерттеу арқылы оның заманауи формаларының қоғамдағы орнын анықтауы – зерттеу нәтижесінде қол жеткізген жаңалығы саналады. Алтыншы нәтиженің жаңалығы – айтыстың интернетте таралуы, «интернет айтыс» ұғымының енгізілуі және оның жанрлық өзгешелігін байыптауы да зерттеу нәтижелерінің
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	5.2. Зерттеу жұмысының қорытындысы және диссертациялық жұмыстың бөлімдерінің тұжырымдамалары жаңа болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	5.3. Диссертанттың түркі халықтарының ортақ әдеби мұрасы айтыс және оның трансформациясын талдауға арналған зерттеу жұмысы барысында ұсынып отырған шешімдері жаңа және негізделген деуге болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертацияда жасалған негізгі қорытындылар отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері негізінде ауқымды дәлелдемелермен негізделген. Жұмыста сапалық зерттеу (qualitative research) түрі қолданылып, өнер және гуманитарлық ғылымдар бағыты, оның ішінде фольклорлық мұраларды зерттеудің әдістерімен ғылыми тұрғыда негізделгенін көрсетеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	*Бірінші қағидат бойынша* Түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы ретінде айтыс өнерінің тарихи қалыптасуынан қазіргі заманға дейінгі трансформациялану үдерісі жан-жақты зерттеу, айтыстың түркі тілдес елдер арасында жинақталуы, жариялануы және дамуының қыр-сыры ашылып, оның поэтикалық, әлеуметтік және мәдени ролі жүйелеу:
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	

		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.1 Қағидат дәлелденген; 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі – кең. 7.5 Қағидат мақалаларда жарияланған. *Екінші қағидат бойынша* Түркі халықтарының, атап айтқанда, қырғыз, қарақалпақ, түрік, башқұрт, әзербайжан және өзбек айтыс дәстүрлері мен қазақ айтысы жан-жақты салыстырылып, мәдениеттер арасындағы ортақтықтар мен ерекшеліктер терең талдау. 7.1 Қағидат дәлелденген; 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі – кең. 7.5 Қағидат мақалаларда жарияланған. *Үшінші қағидат бойынша* Айтыс өнерінің интернет-фольклордағы (е-фольклор) ерекшеліктері алғаш рет ғылыми түрде карастырылып, оның дәстүрлі және жазба айтыс формаларымен байланысын анықтау, айтыстың интернет арқылы кеңеюі оның танымалдылығы мен қоғамға ықпалын арттыратыны дәлелдеу. 7.1 Қағидат дәлелденген; 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі – кең. 7.5 Қағидат мақалаларда жарияланған. Атап айтқанда, Веб оф сайнс (Web of Science) базасындағы журналда жарық көрген мақаласында жарияланған. *Төртінші қағидат бойынша* «Интернет айтыс» құбылысы жанрлық ерекшеліктерімен бірге
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	
		7.3 Жаңа ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			зерделеніп, оның цифрлық дәуірдегі танымдық және тағылымдық рөлін айқындау, айтыстың жаңа аудиторияларға бейімделуі мен кең таралуын қамтамасыз ететін инновациялық қырын көрсету. 7.1 Қағидат дәлелденген; 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі – кең. 7.5 Қағидат мақалаларда жарияланған. *Бесінші қағидат бойынша* Айтыстың заманауи формаларының өзгеру деңгейін жүйелі түрде зерттеп, оның қазіргі қоғамдағы мәдени және әлеуметтік орнына ғылыми баға беру. 7.1 Қағидат дәлелденген; 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі – кең. 7.5 Қағидат мақалаларда жарияланған. *Алтыншы қағидат бойынша* Зерттеу барысында айтыс өнерінің заман талабына сәйкес бейімделу ерекшеліктерін анықтап, айтыстың интернет кеңістігінде таралуына байланысты енгізілген жаңа ұғымдар мен концепциялар, әсіресе «интернет айтыс» ұғымын ғылыми айналымға енгізу. 7.1 Қағидат дәлелденген; 7.2 Тривиалды емес. 7.3 Жаңа. 7.4 Қолдану деңгейі – кең. 7.5 Қағидат мақалаларда жарияланған.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған;	Ия. Әдістеменің таңдауы нақты негізделіп жазылған. Зерттеу барысында пайдаланылған әдістер:

	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	– айтыстың қалыптасуы, дамуы және зерттелуі мәселесінде салыстырмалы-тарихи әдісі; – айтыстың жиналуы, жариялануы жүйелі функционалды әдіс; – зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерді жүйелеуде талдау әдісі; – түркі халықтарының, атап айтқанда, қазақ, қырғыз, қарақалпақ, түрік, башқұрт, әзербайжан, өзбек халықтарының айтыстарын салыстыру үшін тарихи-генетикалық, типологиялық әдістер қолданылды.
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелермен расталған. Мысалы, отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектерін атауға болады.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	8.5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ізденушінің зерттеу тақырыбы бойынша көптеген зерттеулерге шолу жасалғандығына 145 дереккөз пайдаланғандығы дәлел бола алады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Нақыталйтын болсақ: 9.1. Түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы саналатын айтыс өнерінің тарихи қалыптасуынан бастап, қазіргі заманғы трансформациялану үдерісіне дейінгі даму динамикасын және интернет-фольклордағы (е-фольклордағы) ерекшеліктерін зерттеудің теориялық тұрғыда маңызды. Бұл өз кезегінде болашақтағы жаңа зерттеулер бағытын айқындауына септігін тигізеді.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	9.2. Зерттеу жұмысында қырғыз, қарақалпақ, түрік, башқұрт, әзербайжан және өзбек халықтарының айтыс үлгілеріне жасалған салыстырулар, айтыстың трансформациялану үдерісі бойынша жүргізілген талдаулар, интернет-фольклордың немесе е-фольклордың ерекшелігіне жасалған тұжырымдар фольклортану ғылымы салында қолдануға болады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	9.3. Бұл зерттеудің нәтижелерін, яғни ғылыми басылымдарда ресми түрде жарияланған нәтижелерді түркі әлемінің интергациясын мәдени аспектіде қарастыруда, ғаламтордағы ауыз әдебиеті үлгілерін зерттеуде және ЖОО-ларда «Халық ауыз әдебиеті», «Түркі халықтарының әдебиеті» пәндерінің кешенін дайындауда қолдануға болады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Ізденуші тараулардың өзара байланысын, жүйелілігі мен бірізділігін сақтай отырып, академиялық жазу сапасының жоғары екенін байқатты.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		– «Интернет-фольклор» және «е-фольклор» терминдерін

			қолдануы орында, алайда осы терминдерге қатысты басқа да түркі халықтарының фольклортану ғылымы саласында қолданып жүрген терминдерін кеңірек қамтыса, диссертациялық жұмыстың құндылығын арттыра түсер еді. – Диссертациялық жұмыста кейбір техникалық қателіктер кездеседі, бірақ бұл қателіктер диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін және практикалық құндылығын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеудің нәтижелері бойынша 7 ғылыми мақала жарияланған. Атап айтқанда, ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда үш (3), халықаралық рецензияланатын басылымда бір (1) және халықаралық конференция мен симпозиумда үш (3) жарияланым жарық көрді. Жарияланған мақалалары диссертациялық зерттеудің мазмұнына сәйкес келеді және жоғары ғылыми деңгейде жазылған. Жарияланған мақалаларда зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жан-жақты қамтылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02304 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жалгасбаева Канагат Баймуратовнаның «Түркі халықтар айтысының трансформациялануы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесін беру ұсынылады.

Ресми рецензент:

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, PhD,
Қауымдастырылған профессор (доцент)

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті КЕАҚ Адами ресурстарды дамыту департаменті

Нұриман Бекарыс Тілегенұлы